**«6D051700-Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазилов Галимжан Абдирасуловичтің «Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді және теориялық-практикалық жағынан бүгінгі таңдағы өте өзекті тақырыпқа орындалған. Қазақстан Республикасында индустриялық-инновациялық даму бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралармен тікелей байланысты екендігін айуға болады. Атап айтатын болсақ, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасына сәйкестігі анықталды. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді:<br>1) Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;<br>2) Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы;<br>3) «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі», Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері «AZALA Cotton» ЖШС-нің тәжірибесінде пайдалануға енгізілген және енгізу актісімен расталған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертациялық жұмыс автормен өздігінен жоғары деңгейде жазылған. Автордың өз бетінше жүргізген зерттеулері және ғылымға қосқан жеке үлесін диссертация тақырыбы бойынша жазылған 9 ғылыми мақалаларының мағынасынан байқауға болады. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген; | Диссертация тақырыбы өзекті және негізделген. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ішкі және сыртқы нарықтарда сұраныска ие өңделген тауарлардың өндіріс көлемін ұлғайту және номенклатурасын кеңейту, өңдеуші өнеркәсіп салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру басты міндет етіп қойылған. Бұл міндеттерді орындау отандық тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттырып, олардың бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруіне оң ықпал етеді. Сондықтанда отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруға бағытталған зерттеулер диссертация тақырыбының өзектілігін айқындайды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Жұмыстың мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес құрылымдалған. Сонымен қатар жұмыстың мазмұнындағы бөлімдер бойынша қарастырылған бөлімшелер де толығымен сәйкес жазылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің тақырыбы бойынша мақсаты айқын. Зерттеу мақсатына сәйкес диссертациялық жұмыста нақты міндеттерді шешу көзделген. Докторант жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара үйлесімді сипатта, реттілікті сақтай отырып орындалған. Диссертациялық жұмыс теориялық, тәжірибелік көзқарас жағынан жан-жақты зерттеліп, нәтижесінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша жаңа тұжырымдар мен қорытындылар ұсынылған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Сыни талдау бар. Докторант ұсынған тұжырымдар кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі бойынша халықаралық ұйымдардың нұсқаулықтары және республикалық деңгейде қабылданған нормативтік құжаттарды сыни тұрғыдан талдай отырып және отандық тоқыма кәсіпорындарында сауалнама жүргізу, олардың көрсеткіштері мен статистикалық мәліметтерді талдау нәтижелеріне негізделген. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттарды жартылай жаңа деп бағалауға болады. Докторанттың «Кәсіпорынның инновациялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | белсенділігі» түсінігіне берген анықтамасы халықаралық ұйымдардың нұсқаулықтары және республикалық деңгейде қабылданған нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасап, талдау жүргізу нәтижесінде қалыптасқан және толығымен жаңа болып табылады. Сонымен қатар корреляциялық-регрессиялық талдаулар нәтижесінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының ерекшеліктеріне сәйкес олардың инновациялық белсенділігіне әсер ететін негізгі факторлар толығымен жаңа болып табылады. Ал тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынылған кешенді көрсеткіштер, отандық тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша бейімделген үлгісі жартылай жаңа деп бағаланады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Өйткені бұл диссертациялық жұмыс Қазақстандағы тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару саласындағы алғашқы жұмыс болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Автор зерттеулер нәтижесінде ұсынған тұжырымдар тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық-әдістемелік және тәжірибелік негіздерінің дамуына жеке үлесін көрсетеді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері, нақты статистикалық мәліметтер, зерттеу объектілерінің жылдық есептік мәліметтері, сонымен қатар сауалнама жүргізу арқылы алынған мәліметтерді талдай отырып барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді; | Докторант қорғауға келесі негізгі тұжырымдарды көрсеткен:<br>1-тұжырым. Халықаралық ұйымдар тарапынан қабылданған нұсқаулықтарды, республикалық деңгейде қабылданған нормативтік құжаттарды, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде кәсіпорынның инновациялық белсенділігі ұғымына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) шамамен дəлелденбеді;<br>4) дəлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дəлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | авторлық анықтама;<br>7.1 Қағидат дəлелденді ме?<br>1) дəлелденді;<br>2) шамамен дəлелденді;<br>3) шамамен дəлелденбеді;<br>4) дəлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дəлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>1. Кəсіпорынның инновациялық белсендігін басқару, бəсекеге қабілеттілікті арттыру факторы ретінде // «Өмір сүру сапасын арттыру контекстіндегі инновациялық-кəсіпкерлік білім беру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Тұран университеті, 2018. Б.147-152.<br>2. Управление инновационной активностью текстильных предприятий Казахстана // Технология текстильной промышленности. – 2019. -№1. –С. 135-142.<br>2-тұжырым. Тоқыма кəсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруда инновация түрлері бойынша инновациялық белсенділік көрсеткіштерінің əзірленуі;<br>7.1 Қағидат дəлелденді ме?<br>1) дəлелденді;<br>2) шамамен дəлелденді;<br>3) шамамен дəлелденбеді;<br>4) дəлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма? |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>1. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі және оны бағалаудың кешенді көрсеткіштері // Экономика: стратегия және практика. – 2020. -№ 2 (15). –Б. 79-93.<br>2. Тоқыма кәсіпорындарына басқарушылық инновацияларды енгізудің құралдары // VI Халықаралық Фараби оқулары аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 жылдығына, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің 70 жылдығына арналған «Қазақстан мультиполярлы әлемде: экономикалық сценарийлер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019. – Б. 112-118.<br>3-тұжырым. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігіне әсер ететін факторларды анықтау;<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1. Factors affecting innovative activity of textile enterprises in Kazakhstan // Economic Herald of State Higher Educational Institution «Ukrainian State University of Chemical Technology». – 2020. - №2(12). –P. 58-66.<br>2. ҚР тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқарудың тиімділігін арттыру // ҚазҰУ Хабаршысы, Экономика сериясы. – 2019. - №1 (127). – Б. 22-32.<br>4-тұжырым. Тоқыма кәсіпорындары деңгейінде инновациялық белсенділікті басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстарының берілуі<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>1.Жаһандық бәсекелестік жағдайында тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру // «Жаһандық пандемия сын-қатерлері жағдайындағы ұлттық экономикалардың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. – Б. 87-92.<br>2. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару моделі // Central Asian Economic Review. – 2021. -№ 2 (137). –Б. 42-54. doi.org/10.52821/2224-5561-2021-2-42-54.<br>3. Textile industry: issues of managing the growth of innovative activity in enterprises // Polish journal of management studies. – 2020. – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | vol. 21. - № 1. – P. 297-315. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістер мен әдіснамалар нақты жазылған. Докторант зерттеулерін талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, салыстыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, сараптамалық бағалау, корреляциялық және регрессиялық талдау, тікелей бақылау және сауалнама жүргізу әдістері негізінде жүргізілген. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізінде алынған. Тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігіне әсер ететін факторларды анықтауда корреляциялық-регрессиялық талдау бойынша есептеулер Microsoft Excel мәліметтерді талдау құралдары көмегімен жүргізілген. Сонымен қатар салыстырмалы артықшылық индексін (RCA) есептеуде World Integrated Trade Solution бағдарламасын пайдаланған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | Теориялық қорытындылар мен модельдер эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Автор ұсынған тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару әдістемесі отандық «AZALA Cotton» ЖШС-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілген және енгізу актісімен расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелденуі ғылыми әдебиеттерге, заңнамалық құжаттарға, мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасау арқылы расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару тақырыбында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері жан-жақты зерттеліп, диссертациялық жұмысты орындауда пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі барлық дереккөздерге сілтеме жасалған. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Инновациялық менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | инновациялар» және «Инновациялық компанияның стратегиялық дамуы» курстары бойынша оқу үдерісініде пайдалануға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындыларын тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жауапты мемлекеттік органдар және ұйымның басшылары мен менеджерлері қолдана алады. Сонымен қатар алдағы уақытта басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарында олардың инновациялық белсенділігін анықтауда және инновациялық белсенділігін басқару бойынша нақты шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Бұл отандық «AZALA Cotton» ЖШС-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілген және енгізу актісімен зерттеу нәтижелері расталған. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың Академиялық жазу және рәсімдеу сапасы жоғары. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді және мәтіні түсінікті ғылыми тілде жазылған. |

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және қолданбалы ғылыми-тәжірибелік нәтижелерден тұрады.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес орындалған.

Пазилов Галимжан Абдирасуловичтің дайындаған «Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ашық қорғауға ұсынылады, ал оның авторы «6D051700-Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

**Ресми рецензент:**

**Экономика ғылымдарының докторы,**
**Алматы технологиялық университетінің**
**«Экономика және менеджмент» кафедрасының профессоры** **Г.К. Джолдасбаева**

Қазақстан Республикасы Алматы Технологиялық университеті
Қызметкерлерді басқару бөлімі
Отдел управления персоналом

АТУ
Қолы
Подпись Джолдасбаева Г.К.
КББ куәландырамын
Заверено Нач.ОУП
«14» 06. 2022 ж./г.

Вед спец. ОУП Калдыбаева Г.Т.